

**Қазақ тілі 2024 - 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы**

**Топ : «Сұңқар» ересек тобы**

**Балалардың жасы: 4 жастағы балалар**

**Жоспардың күрілу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Қыркүйек	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"><li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</li><li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;</li><li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</li><li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</li></ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табигат құбылыстарының, түрмистық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атаудағыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді жіктең, тәуелденеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p>